

BLUETOOTH ҚҰЛАҚҚАП

Сымсыз гарнитурасы DEXP BT-212

Құрметті сатып алушы!


«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта қолданғанда, оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

DEXP сымсыз гарнитурасы Bluetooth сымсыз байланыс технологиясымен жабдықталған және музыка тыңдауға арналған.

Сақтық шаралары

- Құрылғының құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбеңіз.
- Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін құрылғының кез-келген сұйықтықпен жанасуын болдырмаңыз, оның жанына сұйықтық құйылған ашық сыйымдылықтарды қоймаңыз.
- Құрылғыны электромагниттік сәулеленудің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Есту қабілетіне зиян келтірмеу үшін құлаққапты қауіпсіз дыбыс деңгейінде қолданыңыз.

Белсенді құлаққап сұлбасы



1. Дыбыс деңгейін арттыру: батырманы басып тұрыңыз.
Келесі трек: бір рет басыңыз.
2. Дыбыс деңгейін азайту: басып тұрыңыз.
Алдыңғы трек: бір рет басыңыз.
3. Көпфункционалды батырма:
 - Қосу: батырманы басып тұрыңыз, индикатор шамы көк және қызыл болып жыпылықтайды.
 - Өшіру: индикатор шамы қызыл болып жыпылықтағанша басып тұрыңыз.
 - Ойнату/кідірту: бір рет басыңыз.
 - Қоңырауға жауап беру/аяқтау: сөйлесу режимінде бір рет басыңыз.
 - Артқы жарығын қосу/өшіру: батырмасын екі рет басыңыз.*
 - Bluetooth > MicroSD режимдері арасында ауыстыру: батырманы үш рет басыңыз.
4. Зарядтауға арналған MicroUSB порты.
5. AUX-IN желілік кіргізімі.
6. LED-индикаторы.
 - Индикатор қызыл және көк болып жыпылықтайды: құрылғы түйістіру режимінде.
 - Қызыл индикатор жыпылықтайды: құрылғының өшуі.
 - Индикатор қызыл болып жанады: құрылғы зарядталуда.
 - Индикатор көк болып жанады: құрылғы толықтай зарядталған.
7. Кіріктірілген микрофон.
8. MicroSD жады картасының слоты.

МАҢЫЗДЫ: 5 минут ішінде пайдаланушы белсенді болмаған кезде, құрылғы автоматты түрде өшеді.

* LED-артқы жарығы құрылғыны біраз уақыт қолданғаннан кейін үйлеспей мүмкін.

1. Мобильді құрылғыңызда Bluetooth іске қосыңыз.
2. Сымсыз құлаққапты қосу үшін көпфункционалды батырманы басып тұрыңыз. Индикатор шамы қызыл және көгілдір болып жыпылықтайды, бұл құлаққаптың түйістіру режимінде екенін көрсетеді.
3. Қолжетімді байланыстар тізімінен «DEXP BT-212» таңдаңыз.
Ескертпе: егер Bluetooth байланысының іркілістері болған болса, құрылғыңыздағы Bluetooth-ті өшіріп, құлаққапты өшіріп, содан кейін қайта түйістіріңіз.

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: BT-212.
- Bluetooth нұсқасы: 5.0.
- Bluetooth профілі: A2DP, HSP, HFP, AVRCP.
- Bluetooth сигналының әрекет ету қашықтығы: 10 м дейін.
- Батареяның сыйымдылығы: 500 мА/сағ.
- Зарядталу уақыты: 3 сағатқа дейін.
- Ойнату режимінде жұмыс істеу уақыты: 10-12 сағат (белсенді артқы жарығы бар).
- Сөйлесу режимінде жұмыс істеу уақыты: 20 сағатқа дейін.
- Динамиктер: 2 дана.
- Мембрананың диаметрі: 40 мм.
- Жиілік ауқымы: 20 Гц — 20 кГц.
- Динамиканың сезімталдығы: 100 ± 3 дБ.
- Микрофонның сезімталдығы: - 42 ± 3 дБ.
- Динамиктің кедергісі: 32 Ом.
- Микрофонның кедергісі: 2,2 кОм.
- MicroSD жады картасының слоты.
- Автоматты түрде өшіру функциясы.
- Кабельдің ұзындығы: 1 м.

WHAT
ARE YOU
LISTENING
TO?

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5 °С ... 40 °С аралығындағы температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Ди-фаст Тэкнолоджи Ко., ЛТД.

А301, Ганъи зауыты, №27, Баолун тас жолы, Ляньхэ өнеркәсіптік паркі, Наньюэ Комьюнити, Баолун көш., Лунган ауданы, Шэньчжэнь, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Султан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 020/2011 КО ТР «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді. Бұйымның сыртқы түр-сипаты, оның сипаттамалары және жиынтықтылығы пайдаланушыға алдын ала хабарланбастан өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.